



АРДАГЕР ДӘРІГЕРДЕ – «ПАРАСАТ» ОРДЕНІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫН SAҚTAУ ІCІНЕ CҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОCЫП, МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА АЛПЫC ЖЫЛДАН АCТАМ УАҚЫТ ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ЕТКЕН МАҢҒЫCТАУ ӨНІРІНІҢ АРДАГЕР ДӘРІГЕРІ CҮЛЕЙМЕН БЕРДӘУЛЕТОВ «ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

Мемлекеттік награданы салтанатты жағдайда табыстаған Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай мерейтой иесінің саналы ғұмыры дәрігерлік антына адалдықтың, адам өміріне деген шексіз жауапкершіліктің және кәсібіне деген кіршіксіз сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі екенін атап өтті.

Өңір басшысы өз сөзінде Сүлеймен Бердәулетовті Маңғыстаудағы денсаулық сақтау жүйесінің іргесін қалаған көрнекті тұлғалардың бірі ретінде бағалады. Білікті дәрігердің тікелей бастамасымен өңірдің медициналық инфрақұрылымы жаңарып, заманга сай озық технологиялар енгізіліп, жоғары білімді мамандар даярлау ісі

жүйелі жолға қойылды. Соның нәтижесінде халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Әсіресе онкология, эндоскопия, гемодиализ және эндоваскуляр хирургия секілді стратегиялық маңызды бағыттардың дамуына қосқан еңбегі өңір медицинасының тарихында айрықша орын алады.

Сүлеймен Бердәулетовтің еңбек жолы – отандық медицинаның өркендеу шежіресімен сабақтас. Ол әр кезеңде Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасын басқарып, облыстық ауруханаға жетекшілік етті. Оның бастамасымен өңірде компьютерлік және магниттік-резонанстық томография секілді озық диагностикалық технологиялар қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар медицина саласына қажетті орта буын мамандарын даярлайтын «Мейірібике» медициналық колледжінің ашылуына ұйытқы болып, өңірдің кадрлық әлеуетін нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Бүгінде бұл оқу орны мыңдаған білікті маман тәрбиелеп, Маңғыстау денсаулық сақтау жүйесінің сенімді тірегіне айналып отыр.

Бұл марапат – халқына қалтқысыз қызмет етуді өмірлік мұрат еткен, Маңғыстау медицинасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан дәрігердің кәсіби біліктілігіне, адами парасатына және ұзақ жылы адал еңбегіне берілген лайықты баға.

«МАНҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ТАЗАЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙТІН ТОҚСАН КҮН

МАҢҒЫСТАУДА 15 ШІЛДЕДЕ «ТАЗА МАҢҒЫСТАУ – 2026» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 90 КҮНДІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖ БАСТАЛДЫ. «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ІС-ШАРА АЗАМАТТАРДЫ ТАБИҒАТ ҮШІН ПАЙДАЛЫ ІС ЖАСАП, ОНЫҢ ОҢ НӘТИЖЕСІН ДӘЛЕЛДЕУГЕ ҮНДЕЙДІ.



3.

Манарбек БИСКЕНОВ:

МАҢҒЫСТАУДЫҢ СПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



СПОРТ – ТЕК ЖАРЫСТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ ЕМЕС, ОЛ ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ, ЖАСТАР ТӨРБИЕСІНІҢ ЖӘНЕ ӨНІРДІҢ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШІ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУҒА, ЖАҢА СПОРТ НЫСАНДАРЫН САЛУҒА, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУГЕ ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛІНІП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ ӨНІР СПОРТШЫЛАРЫ ЕЛ НАМЫСЫН ТҮРЛІ ДОДАЛАРДА АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАП, ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ЖҮР. АЛАЙДА ӨР ЖЕТІСТІКТІҢ АРТЫНДА КҮНДЕЛІКТІ ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕК, САЛАНЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖАТЫР.

5.

АТА ЗАҢ – ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КЕПІЛІ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ «АТА ЗАҢ – ОТАНҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ» АТТЫ СҰХБАТ АЛАҢЫ ӨТТІ. ТАҒЫЛЫМДЫ БАСҚОСУ АТА ЗАҢНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУҒА, ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУҒА АРНАЛДЫ.



Іс-шараға Маңғыстау облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Оңайбек Әбділов, облыстық аналар кеңесінің төрағасы Амангүл Жайылханова, кеңес мүшелері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері, этномәдени бірлестіктердің мүшелері мен жастар қатысты.

Кездесу барысында қатысушылар Конституцияның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтаудағы маңызы, отансүйгіштік, әскери борыштың қадір-қасиеті, ұлттық тәрбие және өскелең ұрпақтың жауапкершілігі төңірегінде пікір алмасты. Спикерлердің айтуынша, Ата заң – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындайтын құқықтық құжат қана емес, ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің, бейбіт өмір мен тұрақты дамудың берік негізі.

Жиын барысында Маңғыстау облыстық ақсақалдар кеңесі, облыстық аналар кеңесі және «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық филиалы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасы институтын нығайту, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру және ақсақалдар мен аналардың тәлім-тәрбиелік тәжірибесін кеңінен насихаттау бағытындағы өзара ынтымақтастықты дамытуға негіз болады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кездесулер қоғамда заңға деген құрметті арттырумен қатар, азаматтардың ел алдындағы жауапкершілігін күшейтуге, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтуға ықпал етеді. Іс-шара соңында қатысушылар Ата заңды құрметтеу – мемлекетті құрметтеу, ал заңға адалдық елдің жарқын болашағының кепілі екенін атап өтті. Конституцияның құндылықтарын дәріптеу арқылы жастардың бойында патриоттық рух пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру барша қоғамның ортақ міндеті екені ерекше айтылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

• БҮГІНГІ САНДА

БАЛЫҚТЫ ЫСТАУ – ТАБЫСТЫ БИЗНЕС



» 4

ӘЛЕМДІК АРЕНАДАҒЫ «ҮЗДІК НОКАУТ» ИЕГЕРІ



» 12



Е К Ы Ұ

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Астанадағы Бағдарламалар офисі

СІЗДІҢ МЫНАНЫ БІЛГЕНІЗ ЖӨН!

АДАМ САУДАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

- мәжбүрлі еңбекті пайдалану;
- сексуалдық қанау, жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту;
- қайыр сұрауға мәжбүрлеу;
- құқыққа қайшы әрекет жасауға мәжбүрлеу;
- заңсыз бала асырап алу;
- трансплантация үшін адам ағзалары мен тіндерін заңсыз алу

ОСЫндай ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУҰШІН:

- өз құжаттарыңызды ешкімге сеніп тапсырмаңыз;
- өз құжаттарыңыздың көшірмелерін және тұрғылықты жеріңіз туралы ақпаратты жақындарыңызға қалдырыңыз;
- шетелдегі жұмыс, оқу немесе неке туралы күмәнді ұсыныстардан аулақ болыңыз, қабылдайтын тарап туралы ақпаратты сенімді ақпарат көздері арқылы тексеріңіз;
- шығуға байланысты қол қоятын барлық құжаттарды егжей-тегжейлі зерделеніз;
- бара жатқан елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілділігінің байланыс деректерін анықтаңыз

АДАМ САУДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- еңбек шартының болмауы, нормаланбаған жұмыс кестесі;
- құжаттарын, табысын алып қою;
- жүріп-тұру бостандығын шектеу, қандай да бір адаммен қарым-қатынасын бақылау;
- психологиялық қысым көрсету

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ПАЙДАЛАНАТЫН ЫҚПАЛ ЕТУДІҢ ӨДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ:

- алдау;
- бопсалау;
- күштеп зорлық-зомбылық көрсету немесе оны қолданумен қорқыту;
- борышкерлік тәуелділік;
- адам ұрлау, заңсыз бас бостандығынан айыру





ЕГЕР СІЗ ОСЫндай ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛСАҢЫЗ, 102 НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАҢЫЗ.

ҚЫРАҒЫ БОЛЫҢЫЗ, ӨЗІҢІЗДІ АЛДАУҒА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SK PETROLEUM» ЖШС 2026–2029 жылдарға арналған «SK PETROLEUM» ЖШС объектілері үшін Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасын (РЕШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасын (ҚББ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын (ӨЭББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын (ТҚІЖ) түзету жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты және орны:

- 2026 жылғы 20 тамыз, сағат 11:00-де, Маңғыстау облысы, Шетпе ауылының Жастар орталығы.
- 2026 жылғы 20 тамыз, сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Жетібай ауылы, Мәдениет үйі.

Жобаның орналасқан жерінің және ықпал ету аумағының географиялық координаттары: Солтүстік Қарамандыбас кен орны – 1) 43°32'02", 52°32'46"; 2) 43°32'15", 52°31'59"; 3) 43°32'00", 52°31'30"; 4) 43°32'00", 52°31'00"; 5) 43°32'33,65", 52°31'00"; 6) 43°33'00", 52°31'17"; 7) 43°33'00", 52°34'00"; 8) 43°33'44", 52°34'00"; 9) 43°32'10", 52°36'01"; 10) 43°31'16", 52°35'32". Шетпе ауылы – 44°08'15" с.е., 52°10'01" ш.б.; Жетібай ауылы – 43°35'22" с.е., 52°06'51" ш.б.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері: «SK PETROLEUM» ЖШС, пошталық мекенжайы: Алматы қаласы, Қожакеев көшесі, 18/1-үй, БСН: 090740013568, эколог – Марина Лигай, e-mail: info@skpetroleum.kz, тел.: +7 (727) 339 71 00.

Жобаны әзірлеушілердің атауы және байланыс деректері: ЖК Сарбаев С.М., Ақтау қ., 11-ш.а., 60-үй, 49-пәтер, тел.: +7 (701) 982 30 00, e-mail: saparsarbaev@mail.ru.

Онлайн қосылуға сілтемелер:

- 20.08.2026 сағ. 11:00-де, Шетпе ауылы: <https://us05web.zoom.us/j/85121618332?pwd=aBWNi9Dfl4qVb9XHElvoEVWuQcbD0uu.1>
- 20.08.2026 сағ. 15:00-де, Жетібай ауылы: <https://us05web.zoom.us/j/84010557252?pwd=aHqnAaNRB9O6SdZoDehJdlCoNYpxNZ.1>

Конференция идентификаторы: 851 2161 8332. Кіру коды: SK123456

Конференция идентификаторы: 840 1055 7252. Кіру коды: SK123456

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жобаларға экологиялық сараптама жүргізу бөлімінің бас маманы – С.Базарбай e-mail: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 (7292) 43-10-88, +7 (778) 113-98-97

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасына және <https://ndbecology.gov.kz> порталы арқылы қабылданады.

2026 ЖЫЛҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



«Халық» және «Каспи» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Заңды тұлғаларға жарты жылға
Редакция арқылы 8185,00 теңге
Қазпошта арқылы 12940,98 теңге
Индекс 65492

Жеке тұлғаларға жарты жылға
Редакция арқылы 4092,5 теңге
Қазпошта арқылы 6473,76 теңге
Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!

Ақтау қаласы мен іргелес елді мекендер тұрғындарының НАЗАРЫНА

Қадірлі тұтынушы!
«МАЭК» ЖШС кәсіпорында өндірілетін ауызсу үшін Тағам өнімдері қауіпсіздігінің менеджменті жүзесі енгізілгендігін қаперлеріңізге береміз.

«Тамақ өнімдерінің қауіпсіздік менеджменті жүйесі. Тамақ өнімдерін жасау тізбегіне қатысатын ұйымдарға қойылатын талаптар» ҚР СТ ISO-22000-2019 талаптарын сақтау мақсатында 7.4.2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес сыртқы жеткізушілер мен мердігерлерді өнім, оны пайдалану мүмкіндігі, бөлу, дайындау, сақтауға қойылатын талаптар және жарамдылық мерзімі туралы хабардар ету қажеттілігі ұйғарылады.

«МАЭК» ЖШС өндірген ауызсу:

- тұрғындарға ауыз су мақсатына пайдалануға;
- тағамдар мен сусындар дайындауға;
- көкөністер мен жемістерді консервілеуге;
- концентратталған өнімдерді қалпына келтіруге;
- ішілетін дәрілік препараттарды қалпына келтіруге;
- тұрмыстық мақсаттарға пайдалануға;

– гигиеналық және косметикалық мақсаттарға пайдалануға;

– жануарлар мен құстарға қолдануға;

– бөлме өсімдіктерін суаруға;

– аквариумдарды толтыру үшін пайдаланылады.

Суды қосымша өңдеусіз ішуге пайдаланғанда су құрамындағы микробиологиялық ластануды болдырмас үшін пайдаланылатын хлорды жою мақсатында суды 6+24 сағаттай тұндырып қою керек.

Ауызсуды ысытылған күйде қолданғанда термиялық күйді болдырмас үшін қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Тыныс алу жолдары ауруларын (ОРЗ, ангина т.б.) болдырмас үшін ауызсуды салқындатылған немесе тоңазытылған күйде аса көп қолданбаған дұрыс.

Ауызсуды пайдаланғанда немесе/және сақтағанда тағам өнімдеріне арналған таза ыдысты қолдану қажет. Сақталу мерзімі анықталмаған.

Ауызсуды бөлу тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

«МАЭК» ЖШС

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42



LADA GRANTA автокөлігі сатылады.

- * Жылы: 2016
- * Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- * Жанармай: Газ / Бензин
- * Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- * Түсі: ақ

Байланыс нөмірі:

8 778 915 15 88



РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.



подписка через Kaspi Bank

Газета
выходит
во вторник
и четверг

ОГНИ

Издаётся с июля 1967 года

Мангистау

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ

ЧЕТВЕРГ ● 16 июля 2026 года ● №№ 72-73 (13341-13342)



«КАМЕРА! МОТОР! НАЧАЛИ!»: ДЖЕКИ ЧАН В МАНГИСТАУ

Олег БОРТНИК

Джеки Чан 13 июля прибыл в Мангистаускую область для работы над фильмом «Доспехи Бога 4: Ультиматум» (Armour of God: Ultimatum). Легендарного актера, режиссера, продюсера и мастера боевых искусств у трапа самолета встретил глава региона Нурдаулет Килыбай.

по всему миру начинается охота за древним артефактом под названием «Тумар», за который объявлено возна-

граждение в размере более 20 миллионов долларов. Официальная церемония запуска международного кинопроекта «Доспехи Бога 4: Ультиматум» стартовала 10 июля в Алматы, в которой участвовали сам Джеки Чан, продюсер, сценарист, CEO Saleh Entertainment Игорь Цай, актер фильма Рустем Омаров, режиссер-постановщик фильма Роберт Кун и CEO, сооснователь группы компаний Kaspi.kz Михаил Ломтадзе.

Как рассказал Игорь Цай, в создании фильма задействованы именитые специалисты, которые ранее работали над фильмом «Дюна».

Постановкой масштабных экшен-сцен занимались Джеки Чан вместе с профессиональной командой каскадеров. При этом создатели картины пока не раскрывают полный актерский состав, лишь отмечая, что в проекте примут участие и казахстанские артисты. Это позволит стране вырастить мощный «косяк» специалистов и инфраструктуру для дальнейшего кинопроизводства, способного конкурировать на международном рынке.

Одной из главных задач съемочной группы стало максимально широкое использование природных и городских локаций Казахстана, чтобы показать разнообразие страны на экране.

Председатель правления Kaspi Bank Михаил Ломтадзе также отметил, что ожидает от масштабного проекта огромной пользы для страны.

– Для нас большая радость принимать Джеки Чана в Казахстане и поддерживать съемки его нового фильма. Это событие привлекает внимание к нашей стране и показывает Казахстан миру с новой стороны. Желаем Джеки Чану и всей команде фильма ярких съемок, сильной энергии и незабываемых впечатлений от Казахстана, – сказал Михаил Ломтадзе.

Джеки Чан поблагодарил казахстанских коллег за участие в проекте.

– Я очень рад быть здесь, снова вернуться в Казахстан. Прежде всего хочу поблагодарить Kaspi.kz и Saleh Entertainment, а также режиссера и всех, кто вложил столько труда, чтобы это стало возможным. Не могу дождаться начала съемок. Знаю, что когда начинается работа над фильмом, это настоящее испытание, но вместе с тем это огромное удовольствие. Я вас всех люблю. Спасибо! – сказал актер.

Ранее в интервью изданию Variety он рассказал, что это будет первый, но не последний проект в Казахстане.

– Это мой первый проект с казахстанскими партнерами, но он будет не последним. Совсем скоро мы объявим еще много интересного. Я никогда раньше там (в Казахстане – прим. ред.) не снимался, и эта страна открывает огромное количество новых творческих идей, которые мы сможем показать зрителям, – сказал Джеки Чан.



Джеки Чан (род. 7 апреля 1954, Гонконг) – всемирно известный актер, режиссер, каскадер и певец. Легенда мирового кино, популяризатор кунг-фу и комедийного жанра в боевиках, обладатель почетного «Оскара» за вклад в кинематографию. За свою карьеру он снялся более чем в 150 фильмах и самостоятельно поставил множество опасных трюков.

При рождении получил имя Чань Кунсан, что означает «Чан, рожденный в Гонконге». Из-за крайней бедности в возрасте семи лет родители отдали его в закрытую Академию оперы, где он изучал боевые искусства, акробатику и драматическое искусство. В кино начал сниматься еще ребенком, а затем работал каскадером. Долгое время его карьера не складывалась, пока в конце 1970-х годов он не сменил подход, добавив в традиционные фильмы с боевыми искусствами элементы фарса и уморительной комедии. Прорывом стали картины «Змея в тени орла» (1978) и «Пьяный мастер» (1978).

В 1995 году после выхода фильма «Разборка в Бронксе» Джеки Чан наконец стал суперзвездой в США. Закрепить успех помогла знаменитая франшиза «Час пик» (1998, 2001, 2007), где он сыграл в дуэте с комиком Крисом Такером.

ПРИЗВАНИЕ – СПАСАТЬ ЖИЗНИ

Жулдыз ЖЕНИСБАЕВА

За вклад в развитие отечественной медицины Сулеймен Бердаулетов удостоен ордена «Парасат». В ходе торжественной церемонии государственную награду Республики Казахстан ветерану системы здравоохранения вручил аким Мангистауской области Нурдаулет Килыбай.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева за выдающийся вклад в развитие отечественного здра-

воохранения, многолетний самоотверженный труд и высокие заслуги в деле охраны здоровья населения ветеран медицинской сферы Сулеймен



Бердаулетов награжден орденом «Парасат», передает пресс-служба акима Мангистауской области.

Государственная награда стала высокой оценкой многолетнего труда, профессионализма и исключительных заслуг специалиста сферы здравоохранения перед жителями области.

В ходе церемонии глава региона отметил, что профессиональный путь Сулеймена Бердаулетова является ярким примером беззаветного служения людям, преданности врачебному долгу и верности избранному делу.

Нурдаулет Килыбай подчеркнул, что Сулеймен Бердаулетов стоял у истоков становления современной системы здравоохранения Мангистауской области, внес весомый вклад в развитие медицинской инфраструктуры региона, внедрение передовых технологий, подготовку вы-

сококвалифицированных кадров и повышение качества медицинской помощи населению. Благодаря его инициативам и профессиональному лидерству в регионе получили развитие такие стратегически важные направления, как онкология, эндоскопия, гемодиализ и эндовидеохирургия.

– Сулеймен Бердаулетов посвятил служению отечественной медицине более шестидесяти лет. В разные годы возглавлял управление здравоохранения Мангистауской области, руководил областной больницей и реализовал ряд значимых проектов, оказавших долгосрочное влияние на развитие отрасли. По его инициативе в регионе внедрены компьютерная и магнитно-резонансная томография, а также открыт медицинский колледж «Мейрбике», который на протяжении многих лет готовит востребованных специалистов для системы здравоохранения, – проинформировали в пресс-службе главы региона.

